



БҰЙРЫҚ

26.05.2025

ПРИКАЗ

№ 480

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарына сәйкес, «Алатау» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ (бұдан әрі – Орталық) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және оларды барынша азайту, сондай-ақ мекеме қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Орталықтың қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын төмендегідей құрамда құру (бұдан әрі – Жұмыс тобы):

Жұмыс тобының төрағасы:

- Өміржанова Назира Мыктыбекқызы – директордың әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының төрағасы;

Жұмыс тобының мүшелері:

- Бегімов Бекбазар Бекбергенұлы – директордың әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы;
- Халыкова Рыскүл Шәкіровна – бас бухгалтер
- Бақтыбаев Олжас Қайратұлы – мемлекеттік сатып алулар жөніндегі менеджер;
- Әбділдина Салтанат Болысқызы – заңгер, топ хатшысы.

2. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін.

3. Жұмыс тобына 2025 жылғы 9 маусым мен 2025 жылғы 9 шілде аралығында Орталықтың келесі қызмет бағыттары бойынша ішкі талдау жүргізуді тапсыру:

- 1) Талдау нысанының қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды айқындау;
- 3) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 4) Мемлекеттік қызметтер көрсету;

- 5) Бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру және бөлу;
- 6) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 7) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 8) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 9) Талдау нысанының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

4. Жұмыс нәтижесі бойынша жинақталған және қорытындыланған ақпарат негізінде 2025 жылғы 10 шілдеге дейін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүргізілген қызмет туралы аналитикалық анықтама әзірлеу.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз мойныма аламын.

Директордың м.а.



Н. Өміржанова